

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ**

**«ҚАРАЖАР ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**«ҚАРАЖАР ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**2020-2023 оқу жылдары**

## Қаражар орта мектебінің өзін-өзі аттестаттаудан өткізу қорытындысы туралы

### АНЫҚТАМА

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығын, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 18-2-4-06/364 санды қатынасын басшылыққа ала отырып, 2023 жылдың 2-16 мамыры аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Қалиев С.Ш.- комиссия төрағасы, мектеп директоры.
2. Шетеева Л.М.- комиссия төрағасының орынбасары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Мергенбаев Д.Ж.- комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Кабиева А.Б.- комиссия мүшесі, бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі.
5. Жанкина Г.Қ. – комиссия мүшесі, жаратылыстану пәндері бірлестігінің жетекшісі.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

#### **I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау**

1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.
2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.
3. Тәрбие мен оқытудың мерзіміне қойылатын талаптар.
  - 1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.
  - 2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

#### **II. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау**

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар.

1) Білім беру ұйымының бекітілген жылдық жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;



(бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі).

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген кестесі (үйірме, секциялар бойынша), штаттық кесте қоса беріледі).

5) Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

6) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге ПМПК мен ДҚК қорытындысы, жеке оқу жұмыс жоспарларының, жеке оқу бағдарламаларының көшірмелері мен мектеп директорының бұйрығы қоса беріледі).

7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру. (бағаланатын кезеңге бекітілген вариативті компоненттің сабақ кестесі көшірмелері қоса беріледі).

8) «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру.

9) «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру.

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. (бағаланатын кезеңге педагогикалық кадрлармен жасақталуы мен біліктілік санаттары және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, медициналық пункт, тамақтандыру объектісі, оқулықтармен қамтылу бойынша мәліметтер әдістемелік ұсынымдарға 7,9,10,11,12-қосымшаларға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.)

5. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы.



3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

6. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер); (бағаланатын кезеңге қорытынды аттестатауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары қоса ұсынылады.)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау (Kundelik.kz электронды журналы арқылы қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі, жылдық бағалардың шығарылуы қаралады)

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау (Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың жеке оқу жоспары, жеке бағдарламасы, Kundelik.kz арқылы пәндер бойынша күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары қаралады, психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспарларын, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу құжаттарын ұсыну)

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау. (4, 9-сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапасын бағалау нәтижесі, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сәйкес толтырылған кестелер)

7. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.



**«Қаражар орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 980540002452 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылдың 15 маусымы күні берілген.

Заңды мекен жайы: 030303 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округі, Қаражар елді мекені, Орталық көшесі, 2А ғимараты.

Электрондық мекен жайы: [karashar@mail.ru](mailto:karashar@mail.ru) телефон: +7 (713 45) 75 0 00; +7 (713 45) 75 0 02

Ғимараттың техникалық паспорты 2020 жылдың 08 қазанында жасалған. Қабат саны - 2, құрылыс ауданы –1097,4. Ғимараттың ауқымы – 9254, жалпы алаң –1535,0. Салынған жылы -2018 жыл.

«Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанында № 469 қаулысымен бекітілген.

Құрылтайшысы – «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия: 29 қаңтар 2021 жылы №KZ34LAA00021026.

Мектеп директоры Қалиев Сабыр Шүкірбайұлы Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі басшысының 2015 жылдың 02 наурызындағы № 17 бұйрығымен Қаражар орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мектептің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

«Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп мемлекеттік аттестаттаудан 2019 жылы өтті. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті, № 55-Ә. 10.04.2019 жыл.

Істер номенклатурасы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбегі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді).

Ақтөбе облысының білім басқарасының 2014 жылғы 26 қыркүйегінде № 4 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылып Байғанин аудандық білім бөлімі басшысымен 2022 жылдың 22 желтоқсанында бекітілді және «Ақтөбе облысының мәдениет,



мұрағаттар және құжаттама басқармасы» ММ –нің «Байғанин ауданының мемлекеттік мұрағаты» КММ –нің 2022 жылғы « \_\_\_\_ » желтоқсан күні № \_\_\_\_ СТК хаттамасымен келісілді:

Білім беру мекемесінің іс қағаздары мен индекстері:
01 - Басшылық және бақылау
02- Кадрмен жұмыс
03 - Оқушылармен жұмыс
04 - Оқу бөлімі
05 - Оқу-әдістемелік бөлімі
06 - Оқу-тәрбие бөлімі
07 - Психолог кабинеті
08 - Әлеуметтік педагогтың жұмысы
09 - Кітапхана ісі
10 - Шаруашылық бөлімі
11 – Дәрігерлік бөлім
12 - Кәсіподақ комитеті

Өзін-өзі бағалау кезінде құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3 тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы 2 қыркүйекте № 25-3 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 7 адамнан тұрады.

«Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылы 11 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 4 сынып жиынтығында 39 оқушы болса, орта буында - 5 сынып жиынтығында 48 оқушы, сонымен қатар жоғары буында 2 сынып жиынтығы 21 оқушы. 2020-2021 оқу жылы басында барлығы 108 оқушы болды.

2020-2021 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында 108 оқушы болса, оқу жылы аяғында 109 оқушы, мектепалды даярлық кластарында 17 тәрбиеленуші болып аяқтады. Мектепте мектепалды даярлық топтарын қоса алғанда 12 класс-комплектісі, 126 оқушы болды. Сонымен қатар шағын орталық тобында оқу жылын, оқу жылын 16 тәрбиеленуші болып аяқтады.

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
МАД тобы	17
1 сынып (литер:а)	7
2сынып (литер:а)	10
3сынып (литер:а)	9



4 сынып (литер:а)	13
5 сынып (литер:а)	11
6 сынып (литер:а)	12
7 сынып (литер:а)	10
8 сынып (литер:а)	7
9 сынып (литер:а)	9
10 сынып (литер:а)	12
11 сынып (литер:а)	9
<b>Барлығы</b>	<b>109</b>

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген және 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды басшылыққа алған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

2021-2022 оқу жылы 11 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 4 сынып жиынтығында 41 оқушы болса, орта буында - 5 сынып жиынтығында 48 оқушы, сонымен қатар жоғары буында 2 сынып жиынтығы 20 оқушы. 2021-2022 оқу жылы басында барлығы 109 оқушы болды.

2021-2022 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында 109 оқушы болса, оқу жылы аяғында 108 оқушы, мектепалды даярлық кластарында 14 тәрбиеленуші болып аяқтады. Мектепте мектепалды даярлық топтарын қоса алғанда 12 класс-комплектісі, 122 оқушы болды. Сонымен қатар шағын орталық тобында оқу жылы басында 10 тәрбиеленуші болса, оқу жылы 9 тәрбиеленуші болып аяқтады.

<b>Сыныптар реттілігі</b>	<b>Оқушы саны</b>
МАД тобы	14
1 сынып (литер:а)	16
2сынып (литер:а)	7
3сынып (литер:а)	10
4 сынып (литер:а)	9
5 сынып (литер:а)	10
6 сынып (литер:а)	10
7 сынып (литер:а)	10

8 сынып (литер:а)	10
9 сынып (литер:а)	6
10 сынып (литер:а)	8
11 сынып (литер:а)	12
<b>Барлығы</b>	<b>122</b>

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген және 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды басшылыққа алған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрықтары басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылы 11 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 4 сынып жиынтығында 41 оқушы болса, орта буында - 5 сынып жиынтығында 49 оқушы, сонымен қатар жоғары буында 2 сынып жиынтығы 13 оқушы. 2022-2023 оқу жылы басында барлығы 103 оқушы болды.

2022-2023 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылы аяғында 103 оқушы, мектепалды даярлық кластарында 3 тәрбиеленуші болып аяқтады. Мектепте мектепалды даярлық топтарын қоса алғанда 12 класс-комплектісі, 106 оқушы болды. Сонымен қатар шағын орталық тобында оқу жылын 12 тәрбиеленуші болып аяқтады.

<b>Сыныптар реттілігі</b>	<b>Оқушы саны</b>
МАД тобы	3
1 сынып (литер:а)	14
2сынып (литер:а)	12
3сынып (литер:а)	5
4 сынып (литер:а)	8
5 сынып (литер:а)	9



6 сынып (литер:а)	10
7 сынып (литер:а)	11
8 сынып (литер:а)	11
9 сынып (литер:а)	10
10 сынып (литер:а)	5
11 сынып (литер:а)	8
<b>Барлығы</b>	<b>106</b>

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (2022 жылғы 9 қыркүйекте № 394 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрықтары басшылыққа алынды.

### **Мектептің білім беру жүйесіндегі басты мақсаты:**

Нәтижеге бағытталған сапалы білім беру жолында тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеруге инновациялық бастамашылық таныту мен шығармашылық ізденіс арқылы бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

### **Міндеттері мен мақсаттары:**

1. Мектеп оқу үрдісін ақпараттандыруды жетілдіру. Ақпараттық технология мүмкіндігін барынша сапалы қолдану.
2. Баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу.
3. Әр оқушының өз қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын қамтамасыз ету.
4. Оқушылардың физикалық, психологиялық, адамгершілік тұрғыда жетілуін қамтамасыз ету.
5. Әр оқушының оқу үрдісінде белсенді және ұйымдастырушы- бастамашылдық қабілетін ояту.
6. Оқу және өздігінен білім алу мотивациясын дамыту.
7. Ғылым негіздерін жан- жақты және терең меңгеруі негізінде білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.
8. Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу ісіндегі оң мотивация мен іскерлік дағдыларын тудыру. Баланың тұлғалық қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық- құндылық қатынасының, таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен



шеберліктерінің дамуын қамтамасыз ету.

9. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.

10. Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.

11. Педагогтар мен оқушылардың зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру.

12. Педагогтардың өздігінен білім алуын, олардың шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.

13. Педагогтардың тәжірибесін жалпылауды әдістемелік материалдар шығару арқылы белсендіру, интернет желісіне орналастыру. Мұғалімдердің желілік байланысын орнату.

14. Класс ұжымын жұмыс жүргізуде жаңа тәрбиелік технологияларды оқып үйрену және қолдану.

Оқушыларға арналған оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі:

2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
Сыныптар	Апталық жүктемесі	Сыныптар	Апталық жүктемесі	Сыныптар	Апталық жүктемесі
1	24	1	22,5 сағат	1	19,5 сағат
2	25	2	24 сағат	2	24 сағат
3	29	3	27 сағат	3	26 сағат
4	29	4	27 сағат	4	26 сағат
5	32	5	31 сағат	5	28,5 сағат
6	33	6	31 сағат	6	28,5 сағат
7	34	7	34 сағат	7	31,5 сағат
8	36	8	35 сағат	8	32,5 сағат
9	38	9	36 сағат	9	34 сағат
10	39	10	37 сағат	10	35 сағат
11	39	11	37 сағат	11	35 сағат

**Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.**

1) 2020-2021 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), 2021-2022 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген және 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды басшылыққа алған мектепке дейінгі



тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа ала отырып шағын орталық тобы мен мектепалды даярлық сыныптарында білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 1- қосымшасына және 2020 жылғы 12 мамырдағы 195 бұйрығының 1- қосымшасына сәйкес, 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 3- қосымшасына және 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мектептің мектепалды даярлық топтарының оқу жоспары құрылып жұмыс жүргізілді.

## **2)Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру**

2020-2021 оқу жылында ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары, 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы негізінде, 2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде іске асырылып келеді.

ШО және МАД топтарында оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда.

“Рухани жаңғыру” бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша оқу тәуелсіздігімізге қатысты айтулы мереке күндері, Наурыз мерекесі, ертеңгіліктер, денсаулық сабақтары, сауықтыру шаралары т.б. жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізіледі.



Сонымен қатар әр оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар жыл сайын қайта дайындалып, бекітілді. Яғни, баланың жас ерекшелігін ескере отырып үлгілік бағдарламасына, үлгілік оқу жоспарына, мониторинг, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып, бірізділікті сақтай отырып перспективалық жоспар құрылды. Себебі үздіксіз білім беру жүйесін қамтамасыз етеді және бірінші жарты жылдықтың, екінші жарты жылдықтың күтілетін нәтижесіне қарай оқу мақсаты білу мен қолдануы аралығын қамтамасыз етуін спиральдік оқыту арқылы қамтамасыз етуі болады. Перспективалық жоспарға үлгілік оқу бағдарламасында негізделген күтілетін нәтижеден өлшемді, нақты, бір уақытқа негізделген, шынайы мақсат құрылды. Себебі жүзеге асыруда баланың дербестілігі, қажеттілігі, қызығушылығы толығымен ескерілген.

Және де жаңартылған білім беру мазмұнына сай апталық циклограмма құрылды. Циклограммада балалардың жас ерекшеліктері ескерілген әрбір режимдік кезеңнің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы белгіленді.

**3) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін педагогтер мәліметі. (2 ҚОСЫМША)**

Шағын орталық тобында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша өз мамандығына сәйкес педагог қызмет етеді (педагогтың диплом көшірмесі қоса берілді).

Мектепалды даярлық тобында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалім қызмет етеді (педагогтың диплом және сертификат көшірмелері қоса берілді).

2020-2021 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының пайыздық үлесі 100%

№	Толық аты-жөні (төлқұжат бойынша)	Туған жылы, айы, күні	Білімі	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Пед.өтілі (жалпы, қыз)		Санаты бұйрық № жылы, күні
							жалпы	қызметі бойынша	
1	Қуатбаева Анар Калеловна	30.11.1963	Арн. орта	Ақтөбе пед. училищесі-1985	Мектепке дейінгі тәрбие	ШО тобы тәрбиешісі	27	27	
2.	Орынбай Алматы Амантайқызы	27.10.1996	Арн. орт.	Мұғалжар Гум.колл.-2016 қайта даярлау 2018	Бастауыш МДҰ тәрб	МАД тобы тәрбиешісі	4	4	-

2021-2022 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының пайыздық үлесі 100%

№	Толық аты-жөні (төлқұжат бойынша)	Туған жылы, айы, күні	Білімі	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Пед.өтілі (жалпы, қыз)		Санаты бұйрық № жылы, күні
							жалпы	қызметі бойынша	
1	Қуатбаева Анар Калеловна	30.11.1963	Арн. орта	Ақтөбе пед. училищесі-1985	Мектепке дейінгі тәрбие	ШО тобы тәрбиешісі	28	28	Педагог-модератор, № 54, 24.12.2021
2.	Орынбай Алматы Амантайқызы	27.10.1996	Арн. орт.	Мұғалжар Гум.колл.-2016 қайта даярлау 2018	Бастауыш МДҰ тәрб	МАД тобы тәрбиешісі	5	5	-



**2022-2023 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының  
пайыздық үлесі 100%**

№	Толық аты-жөні (төлқұжат бойынша)	Туған жылы, айы, күні	Білімі	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Пед.өтілі (жалпы, қыз)		Санаты бұйрық № жылы, күні
							жалпы	қызметі бойынша	
1	Қуатбаева Анар Калеловна	30.11.1963	Арн. орта	Ақтөбе пед. училищесі-1985	Мектепке дейінгі тәрбие	<b>ШО тобы тәрбиешісі</b>	29	29	Педагог-модератор, № 54, 24.12.2021
2.	Орынбай Алматы Амантайқызы	27.10.1996	Арн. орт.	Мұғалжар Гум.колл.-2016 қайта даярлау 2018,2023	Бастауыш МДҰ тәрб	<b>МАД тобы тәрбиешісі</b>	6	6	-

**Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешілері төмендегідей лауазымдық міндеттерді атқарады:**

-балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолданады;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады;

**Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы ( 3 ҚОСЫМША )**

2020-2021 оқу жылы басында шағын орталық тобына 15 тәрбиеленуші қабылданып, жыл соңында қозғалыс болмады, түгел аяқтады.

2021-2022 оқу жылы басында шағын орталық тобына 10 тәрбиеленуші қабылданып, жыл ішінде яғни, 14.02.2022 ж. ата-анасы өтініші бойынша мектеп басшысының № 03-02 бұйрық негізінде 1 тәрбиеленуші, жыл соңында 1 тәрбиеленуші отбасы жағдайына байланысты ата-ана өтініші бойынша мектеп басшысының № 09-02 бұйрық негізінде кетіп, жыл соңында 8 тәрбиеленуші болып аяқтады.

2022-2023 оқу жылы басында 12 тәрбиеленуші қабылданып, жыл соңында қозғалыс болмады, түгел аяқтады.

2020-2021 оқу жылы басында мектепалды даярлық тобына 16 тәрбиеленуші қабылданып, жыл соңында қозғалыс болмады, түгел аяқтады.

2021-2022 оқу жылы басында мектепалды даярлық тобына 15 тәрбиеленуші қабылданып, жыл ішінде яғни, 14.02.2022 ж. ата-анасы өтініші бойынша мектеп басшысының № 03-02 бұйрық негізінде 1 тәрбиеленуші кетіп, жыл соңында 14 тәрбиеленуші болып аяқтады.

2022-2023 оқу жылы басында 3 тәрбиеленуші қабылданып, жыл соңында қозғалыс болмады, түгел аяқтады.



**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер 4 қосымша**

**МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі**

Әр оқу жылдарында тәрбиеленушілердің тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына баса назар аударылып отырады. Мектепалды даярлық топтарында (3 топ) әр топтың оқу кабинетінде 2 жартылай ашық шкаф, 2 стеллаж, 1 мұғалім үстелі бар. Мектепалды даярлық тобының (1 топ) оқу кабинетінде 1 шкаф, 3 стеллаж, 1 мұғалім үстелі бар. Білім алушыларға арнайы 5 парта ,14 орындықтар пайдаланылуда.

**Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер 5 қосымша**

2020-2021 оқу жылы бойынша оқу-әдістемелік кешендер келмеген.

2021-2022 оқу жылы бойынша мектепалды даярлық сыныбына оқу-әдістемелік кешендер келді. **МАД 5+Апликация. Үлестірмелі материалдар-15 , МАД 5+Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру № 1,2 дәптер, МАД 5+ Көркем әдебиет Жұмыс дәптері, МАД 5+ Сауат ашу негіздері Жұмыс дәптері, МАД 5+ Сөйлеуді дамыту жұмыс дәптері ,МАД 5+ Русский язык.азбука-тетрадь.Барлық келген оқу-әдістемелік құралдар 15 данадан келді.**

2022-2023 оқу жылы бойынша да оқу-әдістемелік кешендер келмеген.

**4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы**

Әр тәрбиеленушінің әрқайсысының жетістіктерінің нәтижелерін бақылауға мүмкіндік беретін жеке даму картасы бар. Жеке даму картасында: денсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық, әлеумет секілді бес білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары бастапқы бақылаудан кейін, аралық бақылаудан кейін, қорытынды бақылаудан кейін түзету іс-шараларының жалпы қорытындысы шығарылады. Яғни, бастапқы, аралық және қорытынды бақылау өткізіліп, әр білім алушының жеке дамуы анықталды.

**5).** 2020-2021 оқу жылында ерекше білім алуға қажеттілігі бар тәрбиеленуші жоқ.

2021-2022 оқу жылында ерекше білім алуға қажеттілігі бар тәрбиеленуші жоқ.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім алуға қажеттілігі бар тәрбиеленуші жоқ.



**б). МАД топтарының балаларының даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері.**

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында бағаланған даму мониторингісі әр жылдық қорытындысы бар, жеке жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар олардың жасына сәйкес дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушілердің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу кезінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1 деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2-деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3-деңгей – бала өзінің білетінін мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

**10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.**

1) а. Мектепалды даярлық тобының 2020-2021 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ҚР білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес және 12.08.2016 жылғы № 499 бұйрығы негізінде оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 17 сағатты құрайды, ал вариативтік компоненті - 3:

1. «Тілашар» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 34 сағат

2. «Бояулар сыры» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 34 сағат

3. «Логика» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 34 сағат.

Мектепалды даярлық тобының 2021-2022 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ҚР білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы негізінде оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 17 сағатты құрайды, ал вариативтік компоненті - 3:

1. «Тілашар» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 33 сағат

2. «Сиқырлы суретші» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 33 сағат

3. «Логика» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 33 сағат.

Мектепалды даярлық тобының 2022-2023 оқу жылындағы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (3 қосымша), Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы (3 қосымша) негізінде оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 20 сағатты құрайды

ә. Шағын орталық тобының 2020-2021 оқу жылындағы ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 11 сағатты құрайды, ал вариативтік компоненті - 1:

1. «Санап үйренейік» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 34 сағат



Шағын орталық тобының 2021-2022 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1 қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1 қосымшасына негізделген оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 11 сағатты құрайды, ал вариативтік компоненті - 1:

1. «Санап үйренейік» - 1 сағаттан жылдық жүктеме 33 сағат

Шағын орталық тобының 2022-2023 оқу жылындағы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына(2 қосымша),Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы (2 қосымша )негізінде ұсынылған үлгілік оқу жоспары іске асырылды.

### **11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.**

1) Әр оқу жылының басында МАД тобына бала қабылдау кезінде жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау басты назарға алынады ( № 3 қосымшада көрсетілді)

2) . Мектебіміздегі МАД топтары тәрбиеленушілерді 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтайды.

МАД топтарында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өз-өзіне қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтауды үйренеді.

Коммуникативтілік дағдылар: тілдесу ережелерін: бейвербалды сөйлесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздерінің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс мәнерлі айтуды, жіктеуді дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық қарапайым үлгілерін жасауды болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп баптауды күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоюды, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.



Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді регистр дыбысын жырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде, минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, құрастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңынзыдылын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді,

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау қағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

**4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде «Қаражар орта мектебі» КММ –нің жылдық оқу жұмыс жоспарлары аудандық білім бөлімі және облыстық білім басқармасы келісімімен бекітіліп, 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдары оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестендірілді.**

2020-2021, 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарына сай бастауыш кәсіподақ және ата-аналар комитетінің келісімімен, мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспарларын басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚР ДСМ 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы (2020-2021 оқу жылы үшін), ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары үшін) Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылы бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 13.30-ға дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы карантиндік талаптарға сәйкес, 2-4 сыныптар үшін 14.30-да, 5-7 сыныптар үшін 14.00-де басталады. 2020 жылғы 31 тамызда



өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

2021-2022 оқу жылы бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 14.05-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.45-те басталады. 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

2022-2023 оқу жылы бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 14.05-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.45.-те басталады. 2022 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

**2). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық оқу жүктемелері төменде келтірілген:**

2020-2021 оқу жылы бойынша 1 сыныптарда – 24; 2 сыныптарда – 25; 3 және 4 сыныптарда -29; 5 сыныптарда-32, 6 сыныптарда – 33; 7 сыныптарда – 34; 8 сыныптарда – 36; 9 сыныптарда – 38; 10 және 11 сыныптарда 39 оқу жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1 сыныптарда – 22,5; 2 сыныптарда – 24; 3 және 4 сыныптарда -27; 5,6 сыныптарда – 31; 7 сыныптарда – 34; 8 сыныптарда – 35; 9 сыныптарда – 36; 10 және 11 сыныптарда 37 оқу жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1 сыныптарда – 19,5; 2 сыныптарда – 24; 3 және 4 сыныптарда -26; 5,6 сыныптарда – 28,5; 7 сыныптарда – 31,5; 8 сыныптарда – 32,5; 9 сыныптарда – 34; 10 және 11 сыныптарда 35 оқу жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

**3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі).**

Білім және ғылым министрілігінің 22 сәуір 2015 жылғы №227 бұйрығының негізінде 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары 2020 жылы 28 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасына енгізілді.

**Білім және ғылым министрілігінің 22 сәуір 2015 жылғы №227 бұйрығының негізінде құрастырылды**

**Мақсаты:** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу

## **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.



1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Білім және ғылым министрілігінің 22 сәуір 2015 жылғы №227 бұйрығының негізінде 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары 2021 жылы 31 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасына енгізілді.

2021-2022 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі: 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары; 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу

Тәрбие жұмысының басым бағыттары. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.



6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің сегіз бағыты бойынша арнайы жоспар жасалып, жыл сайын осы жоспарға сай шаралар жүргізіліп келеді. 2021-2022 оқу жылында тәрбие бағытында іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді.

Оқу жылының I тоқсанында осы тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, тамыз айында барлық сынып жетекшілерге жаңа оқу жылындағы тәрбие бағытындағы өзгерістер туралы түсініктер беріліп, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары жасалып, бекітірілді. Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі тәжірибелі мұғалім Ж.Жумағанбетова.

1 қыркүйек білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық» тақырыбында салтанатты жиыны және 1-11 сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтар өтті. Мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке 30 жылда қалай жеткендігі жолдарын баяндау.

Қоғамдық ұйымдар ер балалар мен қыз балалар ұйымының, «Барыс» әкелер және «Алтын қазына» аналар мектебінің жоспарлары құрылды. Мектебіміздің инспекторы Е.Адилхановтың қатысуымен «Абайлаңыз, балалар!» шарасы ұйымдастырылды. Білім алушылардың мектепішілік үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелермен қамтылуы қадағаланды.

Қарттар мерекесіне орай тәлімгер Төлекбаева мен тәртіп сақшысы Ж.Рахмен «Қарты бар үй-қазыналы үй», атты шара өткізсе, «Үлкенді сыйлағаның болашақты ойлағаның» атты құттықтау чаленджі мен Ашық хат жолдап, қарттарды мерекемен құттықтады.

Мектеп ұстаздары, оқушылары арасында «Мейірімділік жүректен» - қайырымдылық айлығы ұйымдастырылды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық 16 күндік шарасы өткізілді. Қараша айында мектепішілік «Сынып жетекшінің рөлі – тәрбие жұмысының тетігі» тақырыбында «Үздік сынып жетекші-2021» сайысы өтті.

Аудандық білім бөлімінің бұйрығына орай мектебімізде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» атты акция өткізілді. 1-11 сыныптарда «Балалық шақ - өмірімнің бақытты кезеңі» атты тәрбие сағаттары, «Балалық шаққа саяхат» атты кітап көрмесі, «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» атты дөңгелек үстел, «Қарым-қатынасымызды жақсартайық» атты спорттық ойындар, 9-11 сынып оқушыларынан «Отбасындағы зорлық-зомбылық



мәселелері» атты сауалнама алынса, мектеп медбикесі ата-аналар арасында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбы бойынша жадынамалар таратып, түсінік жұмыстарын жүргізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері 5-8 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында эссе жаздырды. «Біз салауатты өмірді қалаймыз» атты флешмоб тәлімгердің ұйымдастыруымен өтті. Технология пәнінің мұғалімі «Болашақ өз қолымызда» атты сурет көрмесін өткізді. Акция қорытындыланып, өткізілу барысы әлеуметтік желіде жарияланды.

1-желтоқсан тұңғыш президент күніне орай 1-11 сынып арасында «Бір ел, бір тағдыр» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 30-жыл толуына орай «Тәуелсіздікке 30 жыл» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өткізіліп, «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклының «Сын сағатта» атты деректі фильмдері көрсетілді. Тәлімгер А.Төлеубаева 2-5 сыныптарды «Жас қыран», «Жас ұлан» қатарына қабылдау рәсіміне байланысты салтанатты жиын өткізді. Аудандық білім бөлімінен келген қатынасқа орай Жаңа жыл мерекесіне орай 5-11 сыныптарда тәрбие сағаттары, шағын орталық, мектепалды даярлық топтары мен 1-4 сыныптар аралығында жаңа жылдық ертенгіліктер өткізілді.

Қаңтар айында Адал ұрпақ клубының жетекшісі Б.Бектұрғанова Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында «Жемқорлық жайлаған құрылым, салып қойды құрығын» конференция сабақ өткізді. Ақпан айында дінтану пәнінің мұғалімі Б.Бектұрғанова діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «**Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп**» атты оқыту семинарын өткізсе, мектеп психологі А.Хибина «Құпия дос» акциясын ұйымдастырды.

2022 жылдың Балалар жылы болып белгіленуіне байланысты, мектебімізде облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің, аудандық мәдени шараларымен бірлескен жоспар құрылып, атқарылатын жұмыстар жоспарлануда.

2021-2022 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. Ұшқыр ой алаңы дебаттық қозғалысы аясында мектебіміздің «Жалын» дебат клубы ҚР тәуелсіздінің 30 жылдығы аясында облыс әкімі кубогының аудандық кезеңінде Тұрғанбаева Ақбота, Темірбекқызы Ләйлә III орын иеленді. Жетекшісі: Салауат Бисенғали.

Ұйым атауы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
«Жас Қыран»	8	10	7
«Жас Ұлан»	12	11	10
Барлығы	20	21	17

2021-2022 оқу жылында ішкі есепте 1 оқушы тұрады. Бұл оқушымен жыл бойына жеке, топтық түзету-дамыту жұмыстары (дөңгелек үстел, психологиялық сабақтар, тренингтер) жүргізіліп келеді және жеке сұхбат жүргізіліп, кеңес берілді.



Бұл оқушылардың сабақ кезіндегі, сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері бақылауда ұсталды.

	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	-	-	1 оқушы
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	1 оқушы
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	2 оқушы	2 оқушы	2 оқушы

2021-2022 оқу жылында мектебімізде 4 жартылай жетім, аз қамтылған 21 отбасының балалары, 2 ААҚҚ, 5 толық емес отбасының балалары, 42 көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Сонымен бірге жылдағы дәстүр бойынша тамыз айында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Акцияға сынып жетекшілер демеушілік жасап, өз сыныбындағы аз қамтылған, жартылай жетім отбасы балаларына оқу құралдарын, мектеп формаларын, спорттық киімдер алып берді. Байғанин аудандық білім бөлімі жанынан аз қамтылған, толық емес отбасы, жартылай жетім отбасы балаларына спорттық киімдер бөлініп, сынып жетекшілері арқылы мектебіміздің оқушыларына таратылып берілді. Мектеп ұжымының демеушілігімен атаулы мереке күндері аз қамтылған, көп балалы отбасыларға қажетті азық-түлік себеті сыйға тартылды. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

**2022-2023 оқу жылы бойынша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асырудағы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс жоспары

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

***ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР: ОТБАСЫ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ, ҚОҒАМНЫҢ ЖАППАЙ ҚАТЫСУЫМЕН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ.***



**Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

**Тақырыбы : Ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып ,ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білітін жан- жақты білімді, қаблетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру**

**Мақсаты:** «Рухани жаңғыру » бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары балалар мен жастарды тәрбиелеу .

XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан – жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу

- Тәрбие берудің мақсаты білім алушылардың қоршаған ортада шынайылықты түсінуге,өзінің даралығын сезінуге, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге бағытталған тәрбиелік шараларды ұйымдастыру.
- Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауда бағыт-бағдар беру және адам белгілі бір



іс-әрекет саласына еніп, бір ізге түсуіне көмек беру.

- Бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу:

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің сегіз бағыты бойынша арнайы жоспар жасалып, жыл сайын осы жоспарға сай шаралар жүргізіліп келеді. 2022-2023 оқу жылында тәрбие бағытында іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді.

Оқу жылының I тоқсанында осы тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, тамыз айында барлық сынып жетекшілерге жаңа оқу жылындағы тәрбие бағытындағы өзгерістер туралы түсініктер беріліп, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары жасалып, бекітірілді. Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі тәжірибелі мұғалім Ж.Жумағанбетова.

2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйек Білім күніне арналған **«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»** атты салтанатты жиынмен басталды 1-11 сыныптарда аталған тақырыпта бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Қоғамдық ұйымдар ер балалар мен қыз балалар ұйымының, «Барыс» әкелер және «Алтын қазына» аналар мектебінің жоспарлары құрылды. Мектебіміздің қоғамдық инспекторы А.Қартеннің қатысуымен «Абайлаңыз, балалар!» шарасы ұйымдастырылды. Білім алушылардың мектепішілік үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелермен қамтылуы қадағаланды.

Мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен **«Қариясы бар елдің қазынасы бар»** осы аталған тақырыпта мектебімізде 1-қазан қарттар күніне орай Жас ұлан мүшелері ауылымыздың үлкен қарияларының үйіне құттықтап барды.

Мақсаты: Қазыналы қарттарымызға ілтипат көрсету, үлкенді сыйлау, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. Жасұлан ұйымының оқушылары алдымен Самғали, Бисен, Орынбай аталарынан ақ баталарын алса, Зәуреш, Баян, Қалды әжелерін алғыстары мен ризашылықтарына бөленіп қайтты. Оқу жылының басында сынып жетекшілер сыныптарында ата-аналар жиналысын өткізді. Жиналыста жаңа оқу жылының өзгерістері мен жаңалықтарына шолу жасады. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Оқу жылының басында «Жас Ұлан» мектеп комитетінің Ұлан басшысының сайлауы және «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқау ұйымының президентін сайлауы өтті. Дауыс беру нәтижесінде 10 сынып оқушысы Шәмшәдинова Айнұр Ұлан басы болып сайланса, мектеп президенті болып Бейілхан Ерсұлтан сайланды.

Байғанин ауданының білім бөлмінің қатынасына орай **«Бала құқығын қорғаймыз»**, **«Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет»** он күндік ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Қ.Саламатова 5-11 сыныптар арасында **«сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»** атты көрме ұйымдастырды.



Мектеп кабинеттері мен дәліздерін көгалдандыру мақсатында «Гүл сыйлайық мектепке» атты акция ұйымдастырылды. Жалпы 30 түп гүл әкелінді.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Д.Мергенбаев, Е.Жембаев ұйымдастыруымен және сынып жетекшілердің ықпалымен мектеп ата-аналары арасында **асық атудан «Асық-day»** жарысы ұйымдастырылды.

Технология пәнінің мұғалімі Г.Ерғалиеваның ұйымдастыруымен кескіндемеші суретші Нұрбек Тілесов атындағы «**Күзгі бояу**» атты 5-7 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді. Сонымен қатар технология кабинетің есімі аталған суретші атына берілді.

Аудандық білім бөлімінің бұйрығына орай мектебімізде «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты акция өткізілді. 1-4 сыныптарда «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты тәрие сағаттары, «Барыс» әкелер клубында «**Бала құқықтарын қорғаудың өзекті мәселесі**» атты дөңгелек үстел, «**Ұшқыр ой**» дебат ұйымында «**Зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселесі**» атты пікірсайыс, «Отбасы және бала тәрбиесі» атты ата-аналар жиналысы жұмыстары жүргізді.

Тәуелсіздік мерекесіне орай 1-11 сынып жетекшілері «**Тәуелсіздік қадамдары**» атты сынып сағаттарын ұйымдастырды.

АӘД пәнінің мұғалімі Ж.Рахманның ұйымдастыруымен «**Бейбіт күннің батыры**» атты кездесу кеші өтті. Кешке ауылымыздан шыққан батыр ағамыз желтоқсан оқиғасына қатысушы Қ.Айтмұрзаевтың ерліктерімен таныстыру және онлайн сұхбат жүргізді.

Мектеп тәлімгері С.Әбиеваның ұйымдастырумен «**Мен – Жас Ұлан, мен - Жас Қыран**» ұланымыз ұлы елдің атты жас ұлан ұйымына қабылдау салтанатты жиын өткізілді.

Мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 1-4 сынып, 5-8 сынып, 9-11 сыныптарда «**Жаңа Жыл, жаңа белес, жаңа арман**» атты жаңа жылдық мерекелік кеш өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай сыныптар арасында сынып безендіру сайысы ұйымдастырылды.

Қаңтар айында Байғанин аудандық білім бөлімінің тапсырма хатына орай «**Қауіпсіз интернет**» акциясы аясында АӘД пәні мұғалімі Ж.Рахман 7 сыныпқа «**Интернет желісіндегі қауіпсіздік**» тақырыбында, Гүлсезім Бақтыгереева 8 сыныпқа «**Ұялы телефон пайдасы мен зияны**» тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: Интернет желісінің пайдасы мен зияны туралы ақпарат беру. «**Адал ұрпақ**» клубы жетекшісі Қ.Саламатова 8-9 сынып оқушыларына сыбайлас жемқорлықтың мән мағынасы терең түсіндіру мақсатында «**Сыбайлас жемқорлық элементтері**» атты тәрбие сағатын ұйымдастырды. 1-4 сынып жетекшілері «**Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді**» тақырыбында сынып сағаттарын өткізсе, 8-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру ұйымы жетекшісі Г.Ерғалиеваның ұйымдастыруымен «**Олар біздің мектепте оқыды**» атты дөңгелек үстел ұйымдастырып өткізді. Ақпан айында Қаламқас 9-11 сыныптарға «**Құқық әділет пен парасат жолы, «Заңсыз сыйақы алу мен алаяқтық»** дегенді қалай



түсінесің? әңгіме-сұқбат өткізді. «Барыс» әкелер клубының жетекшісі Е.Жембаев 7-11 сыныптарға «Саятшылық-атадан қалған асыл мұра» атты танымдық сағат өткізді. Б.Бектұрғанова 8-11 сыныптарға «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» атты ақпараттық сағат өткізді.

2022-2023 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. Ұшқыр ой алаңы дебаттық қозғалысы аясында мектебіміздің «Жалын» дебат клубы өз жұмысын лайықты түрде атқарып келеді. Жетекшісі: Салауат Бисенғали.

Ұйым атауы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
«Жас Қыран»	10	7	12
«Жас Ұлан»	11	10	8
Барлығы	21	17	20

2022-2023 оқу жылында ішкі есепте оқушылар болған жоқ.

	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	-	1 оқушы	-
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	1 оқушы	-
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	-	2 оқушы	1 оқушы

2022-2023 оқу жылында мектебімізде 6 жартылай жетім, аз қамтылған 11 отбасының балалары, 2 ААҚҚ, 4 толық емес отбасының балалары, 53 көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Сонымен бірге жылдағы дәстүр бойынша тамыз айында «Мектепке жол-шекарасыз жақсылық» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Шараның мақсаты: аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына және жетім, ААҚҚ балаларға көмек көрсету. Бұл игі шараға ауыл азаматтары, оның ішінде кәсіпкерлер мен шаруа қожалық басшылары атсалысты. Атап айтсақ: «Азамат» ш.қ.б Дербісов Ә 20 000, «Сарыирек» ш.қ.б хайбуллин С 20 000, «Марғұлан» ш.қ.б Рахманов М 20 000, «Серік» ш.қ.б Алшағыров Б 15 000, «Сардар» ш.қ.б Нәби Е 10 000, «Нұрбай» ш.қ.б Сәметов Н 10 000, кәсіпкер Қисықов Қ 10 000 теңге көлемінде демеушілік жасады. Жинақталған 105 мың 3 отбасына 20 000, 3 отбасына 15 000 берілді. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.



4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. Қаражар орта мектебінің оқушыларының үйірмеге тартылуы және қосымша білім берумен қамтылуы өз деңгейінде ұйымдастырылды. Атап айтқанда 2020-2021 оқу жылында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасты. Мектепішілік (ақылы): «Шебер қолдар» үйірмесі – 20 оқушы; «Көркемөнерпаздар» үйірмесі – 22 оқушы; домбыра үйірмесі – 6 оқушы, Ақысыз: Волейбол -25. Стол теннисі үйірмесі – 20; жеңіл атлетика– 10, қазақ күресі-30. Пәндік үйірмелер бойынша да мектепішілік қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, биология, география, тарих, ағылшын тілі пәндерінен пәндік үйірмелерге оқушылар тартылып, жұмыстанылды. Атап айтар болсақ, «Сиқырлы сандар» математика үйірмесі -10, «Қызықты физика» физика үйірмесі -10, «Білгір географтар» география үйірмесі-17, «Жас қыран» және «Жалын» қазақ тілі мен әдебиеті үйірмесі-32, «Future English» ағылшын тілі үйірмесі- 14, «Современный русский язык» орыс тілі мен әдебиеті үйірмесі-9, «Ғажайып биология» үйірмесі-12, «Атамұра-асыл қазына» тарих үйірмесі-18, «Жас химик» химия үйірмесі-13 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады.

#### **Мектептен тыс мекемелер:**

**Б. Тәжібаев атындағы музыка мектебі жанындағы филиалдың сырнай үйірмесі- 18 оқушы.**

2021-2022 оқу жылында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасты. Мектепішілік (ақылы): «Шебер қолдар» үйірмесі – 17 оқушы; «Көркемөнерпаздар» үйірмесі – 22 оқушы; домбыра үйірмесі – 8 оқушы, Ақысыз: Волейбол – 10 ер бала; 10 қыз бала. «Сиқырлы ракетка» үйірмесі – 15; футбол – 10, еркін күрес - 15. Пәндік үйірмелер бойынша да мектепішілік қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, биология, география, тарих, ағылшын тілі пәндерінен пәндік үйірмелерге оқушылар тартылып, жұмыстанылды. Атап айтар болсақ, «Сиқырлы сандар» математика үйірмесі -10, «Қызықты физика» физика үйірмесі -10, «Білгір географтар» география үйірмесі-15, «Жас қыран» және «Ұшқын» қазақ тілі мен әдебиеті үйірмесі-27, «Happy English» ағылшын тілі үйірмесі- 12, «Современный русский язык» орыс тілі мен әдебиеті үйірмесі-10, «Ғажайып биология» үйірмесі-12, «Атамұра-асыл қазына» тарих үйірмесі-15, «Жас химик» химия үйірмесі-13 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады. Атап айтсақ, “Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебіндегі” сырнай үйірмесі, спорт мектебі еркін күрес үйірмесіне, Ақтөбе облыстық мамандандырылған ұлттық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ат спорты үйірмелеріне қатынасты.

#### **Мектептен тыс мекемелер:**

**Байғанин аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жанындағы «еркін күрес» үйірмесіне -14 оқушы.**



**Б. Тәжібаев атындағы музыка мектебі жанындағы филиалдың сырнай үйірмесі- 18 оқушы.**

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған ұлттық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ат спорты үйірмесіне -9 оқушы.**

2022-2023 оқу жылында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасты. Мектепішілік (ақылы): «Шебер қолдар» үйірмесі – 15 оқушы; «Көркемөнерпаздар» үйірмесі – 21 оқушы; домбыра үйірмесі – 7 оқушы, Ақысыз: Волейбол – 10 ер бала; 10 қыз бала. «Сиқырлы ракетка» үйірмесі – 15; футбол – 10, еркін күрес - 15. Пәндік үйірмелер бойынша да мектепішілік қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, биология, география, тарих, ағылшын тілі пәндерінен пәндік үйірмелерге оқушылар тартылып, жұмыстанылды. Атап айтар болсақ, «Сиқырлы сандар» математика үйірмесі -10, «Қызықты физика» физика үйірмесі -10, «Білгір географтар» география үйірмесі-15, «Жас қыран» және «Ұшқын» қазақ тілі мен әдебиеті үйірмесі-29, «Funny English» ағылшын тілі үйірмесі- 14, «Современный русский язык» орыс тілі мен әдебиеті үйірмесі-10, «Ғажайып биология» үйірмесі-12, «Тарих Ата» тарих үйірмесі-13, «Жас химик» химия үйірмесі-13 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады. Атап айтсақ, “Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебіндегі” сырнай үйірмесі, спорт мектебі еркін күрес үйірмесіне, облыстық мамандандырылған ұлттық ат спорты үйірмелеріне.

**Мектептен тыс мекемелер:**

**Байғанин аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жанындағы «еркін күрес» үйірмесіне -14 оқушы.**

**Б. Тәжібаев атындағы музыка мектебі жанындағы филиалдың сырнай үйірмесі -18 оқушы.**

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған ұлттық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ат спорты үйірмесіне -8 оқушы.**

Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысатын оқушыларымызда өздерінің айтарлықтай көрсеткіштерімен, биіктерден көрініп келеді.

**5) Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру.** Мектебімізде бейінді оқытуды іске асыру мақсатында техникалық мамандықтарға бейімделуі негізінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден оқушы таңдауы бойынша вариативтік компоненттен пәндер берілген.

**б) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.**

2020-2021 оқу жылы бойынша Қаражар орта мектебінде 6 сыныпта ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 оқушы және 3 сыныпта үйде жеке тегін оқытатын 1 оқушы және 2021-2022 оқу жылы бойынша Қаражар орта мектебінде 7 сыныпта ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 оқушы және 4 сыныпта үйде жеке тегін



оқытатын 1 оқушының оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған үйде жеке тегін оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығы және 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы мен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары.

✓ Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы және оған қосымша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына **әдістемелік-нұсқау хат**.

2021-2022 оқу жылы бойынша Ақтөбе облыстық ПМПК және ДКК шешімі бойынша инклюзивті оқыту бағдарламасы ұсынылған:

4 класс оқушысы диагноз F 70.1 (Жеңіл ақыл-ой кемістігі), II топ мүгедектігі бар Шаманов Тұрсынбек Бауыржанұлына «Білім беру туралы» ҚР заңының арнайы оқу бағдарламалары, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған үйде жеке тегін оқытатын үлгілік оқу жоспарына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

7 класс оқушысы Аюпов Нұржауған Серікбайұлы ОНР III (Тіл ақаулығы) «Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған. 2022 жылғы мамыр айындағы Ақтөбе облыстық ПМПК қорытындысы бойынша 7 сынып оқушысы Аюпов Нұржауған Серікбайұлы инклюзивті білім беруден шығарылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша Қаражар орта мектебінде ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 сыныпта үйде жеке тегін оқытатын 1 оқушының оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген негізгі білім берудің жаңартылған мазмұндағы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары.



- ✓ Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы және оған қосымша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына **әдістемелік-нұсқау хат**.

2022-2023 оқу жылы Ақтөбе облыстық ПМПК және ДКК шешімі бойынша инклюзивті оқыту бағдарламасы ұсынылған:

